


# Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ - SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА



№10 (887) 06.03.2026

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurlyolke.kz

Nurly olke

@nurlyolke

## ТАҢДАУ ТАРАЗЫСЫНДА – ЕЛ ЕРТЕҢІ

**2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдум – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Мемлекеттің негізгі құжатына қатысты ұсынылып отырған өзгерістер қоғамда кеңінен талқыланып, түрлі әлеуметтік топтардың назарын аударып отыр. Конституция – тек құқықтық нормалардың жиынтығы ғана емес, ол мемлекеттің даму бағытын, қоғамның құндылықтар жүйесін айқындайтын басты құжат. Сондықтан Ата Заңға қатысты кез келген бастама ел болашағына тікелей әсер ететін жауапты шешімдердің қатарында.**

Осыған байланысты еліміздің барлық өңірінде референдумға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алматы облысында да тұрғындарға дауыс беру тәртібін түсіндіруге бағытталған кешенді ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылған. Азаматтарға дауыс беру учаскелері, тіркелген жерінен тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі, сондай-ақ қажетті рәсімдер туралы жан-жақты мәлімет берілуде.

Алматы облыстық аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Мейрамгүл Айтованың айтуынша, азаматтардың дауыс беру құқығын толық жүзеге асыруы үшін барлық қажетті жағдай қарастырылған. Егер азамат 15 наурыз күні өзінің тіркелген жерінен тыс жерде болатын болса, ол 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін өз учаскелік комиссиясына жазбаша өтініш беріп, жеке куәлігін көрсетуі қажет. Өтініш негізінде азаматқа есептен шығару куәлігі беріледі. Бұл құжат референдум күні нақты болатын жері бойынша тиісті учаскеде дауыс беруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар есептен шығару куәлігін сенімхат арқылы өкілдің алуы да қарастырылған. Бұл жағдайда сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді. Дегенмен құжат жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейтінін ескерген жөн.

Тұрғындардың дауыс беру учаскесі туралы ақпарат алуына да бірнеше мүмкіндік қарастырылған. Алматы облысының азаматтары өз учаскесін арнайы веб-сервиске ЖСН енгізу арқылы, iKotek бірыңғай байланыс орталығының 109 нөміріне хабарласу арқылы, облыс бойынша әзірленген ақпараттық карта арқылы немесе Telegram-бот көмегімен біле алады. Мұндай цифрлық құралдар азаматтарға қажетті мәліметті жедел алуға мүмкіндік беріп, референдумға қатысу процесін жеңілдетуге бағытталған.

Жалпы алғанда, референдум – азаматтардың мемлекет өміріндегі



маңызды мәселелерге тікелей қатысуының бір көрінісі. Бұл тұрғыда қоғамның түрлі саласында еңбек етіп жүрген азаматтардың пікірлері де ерекше мәнге ие.

Кардиолог дәрігер Әмребек Арман Дәулетбайұлының айтуынша, Конституция жобасында адамның өмірі мен құқықтарының жоғары құндылық ретінде айқын көрсетілуі – мемлекеттің әлеуметтік бағыттағы дамуының маңызды көрсеткіші.

«Медицина саласында біз күн сайын адамның өмірі мен тағдыры үшін жауапкершілік арқалаймыз. Сондықтан қоғамда әділдік, заң үстемдігі және адамға құрмет қағидаттарының берік орнығуы аса маңызды. Конституцияда осы құндылықтардың нақты бекітілуі мемлекет дамуының дұрыс бағытын айқындайды деп ойлаймын», – дейді ол.

Кәсіпкер Қайрат Төлегенов те құқықтық жүйенің тұрақтылығы қоғамның экономикалық дамуына тікелей әсер ететінін атап өтеді. Оның пікірінше, кәсіпкерлік орта үшін ең бастысы – сенімді құқықтық алаң.

«Заң жүйесі берік мемлекетте экономика да тұрақты дамиды. Кәсіпкерлер үшін заңның түсінікті әрі әділ болуы аса маңызды. Осындай орта қалыптасқан жағдайда адамдар еңбек етуге де, жаңа кәсіп бастауға да сеніммен қадам жасайды», – дейді кәсіпкер.

Жаңа Конституция жобасына жастар да ерекше қызығушылық танытып отыр. Қонаев қаласының тұрғыны, жас

маман Дәулет Жолдастың айтуынша, қоғамдағы өзгерістер заңнамалық жүйеде де көрініс табуы тиіс.

«Қазіргі заман қарқынды өзгеріп келеді. Технология да, қоғам да жаңа деңгейге көтерілді. Сондықтан заңдарымыз да уақыт талабына сай жаңартып отырғаны дұрыс. Әсіресе жастар үшін білім алу, еркін ойлау және өз идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік болуы маңызды», – дейді ол.

Ауыл тұрғындарының арасында да бұл тақырып кеңінен талқыланып жатыр. Шеңгелді ауылының тұрғыны Жолдыгүл Джумагулованың айтуынша, халық үшін ең бастысы – ел тыныштығы мен бірлігі.

«Қай уақытта да елге ең керегі – тыныштық пен бірлік. Заң әділ болып, қоғамда тәртіп болса, халық та өз орнын табады. Елдің болашағы да сол тұрақтылыққа байланысты», – дейді ауыл тұрғыны.

Шеңгелді ауылында тұратын тігінші Күлінүр Біләл де заңның әділдігі қарапайым еңбек адамдары үшін ерекше маңызды екенін айтады.

«Біз қарапайым еңбекпен күн көріп отырған адамдармыз. Сондықтан елде заң дұрыс болса, еңбек еткен адамның еңбегі де бағаланады. Ең бастысы – елдің тыныштығы мен халықтың бірлігі», – дейді ол.

Қоғамдық тәртіп пен заң үстемдігінің маңызын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ардагері, Қонаев қаласының құрметті азаматы Қалижан Алпысбаев та ерекше атап өтті.

«Қоғамда заң үстемдігі орнаған жерде ғана тұрақтылық болады. Ал тұрақтылық – мемлекеттің дамуының басты кепілі. Сондықтан Конституцияда адамның құқықтары мен абыройының қорғалуы мемлекетіміздің беріктігін көрсетеді», – дейді ардагер.

Көпбалалы ана Ақтолқын Майсалимова да жаңа нормалардың ел болашағы үшін маңызды екенін айтады. Оның пікірінше, Конституцияға енгізілетін өзгерістер құқықтық жүйені жетілдіріп, әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған.

«Ана ретінде мен үшін ең бастысы – балаларымның қауіпсіз әрі тұрақты мемлекетте өмір сүруі. Сондықтан елдің дамуына, тұрақтылығына бағытталған бастамаларды қолдау – әрбір азаматтың жауапкершілігі деп ойлаймын», – дейді ол.

Референдум төңірегіндегі қоғамдық пікірлер әр түрлі буын өкілдерінің ел болашағына бейжай қарамайтынын аңғартады. Дәрігер де, кәсіпкер де, жас маман да, ауыл тұрғыны мен ардагер де – барлығының ойы бір арнада тоғысады. Ол – елдің тұрақтылығы, заң үстемдігі және азаматтардың құқықтарын қорғау.

Алдағы референдум – әр азамат үшін ел тағдырына қатысты маңызды шешім қабылдайтын жауапты сәт. Мұндай кезеңде қоғамның бірлігі мен ортақ жауапкершілігі айрықша мәнге ие. Өйткені мемлекеттің беріктігі – халықтың татулығы мен ортақ мақсатқа ұмтылуында.

Назерке ИНАҚЫҢЫЗЫ

# Қазақстанда зорлық-зомбылық көрген балаларға арналған арнайы көмек кабинеттері ашылады

Елімізде көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау тетіктері жүйелі түрде күшейтіліп келеді. Соның бір айғағы – зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға арналған мамандандырылған көмек кабинеттерінің ашылуы. Бұл жаңашылдық 2025 жылғы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы қол қойған «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген. Норма 2026 жылғы 2 наурыздан бастап күшіне енді. Аталған бастама туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі хабарлады.

Жаңа заң аясында еліміздің өңірлерінде зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға арналған арнайы кабинеттер кезең-кезеңімен ашылады. Бұл кабинеттерде көмек «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетіледі. Яғни балаға қолайлы ортада алғашқы психологиялық көмек көрсету, сот-медициналық сараптамадан өткізу, бейінді мамандардың қатысуымен сауалнама жүргізу секілді қызметтердің барлығы бір жерде ұйымдастырылады. Мұндай тәсіл көмелетке толмағандардың түрлі мекемелерге жүгіну қажеттілігін азайтып, оларды психологиялық тұрғыдан қайта жарақаттауға жол бермеуге бағытталған. Баланың қауіпсіздігі мен психологиялық саулығын сақтау – осы тетіктің басты мақсаты.

Заң аясында зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, буллингке ұшыраған немесе оның куәсі болған көмелетке толмағандарды анықтау және оларға көмек көрсету қағидалары өзіндік, құжатта осындай жағдайларды анықтау тәртібі, көмек көрсету тетіктері, сондай-ақ жау-

апты құрылымдардың өзара іс-қимыл алгоритмдері нақты айқындалған. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары, 111 байланыс орталығы, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл және өңірлік уәкілдер арасында жедел әрекет ету механизмі енгізіледі. Бұл әрбір дабылға уақытылы әрі үйлесімді жауап беруге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары бала құқықтарын қорғау бағытындағы заңнамалық база едәуір нығайтылды. 2024 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік қатаңдатылып, көмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары кеңейтілді. Аталған түзетулер отбасы институтын нығайтуға, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған нақты құқықтық кепілдіктерді бекітті.

Баланың қауіпсіздігі – тек құқық қорғау органдарының немесе білім беру жүйесінің міндеті ғана емес. Бұл – тұтас қоғамның жауапкершілігі. Жаңа көмек кабинеттерінің ашылуы мемлекет тарапынан жасалып отырған нақты қадам болса, оның тиімділігі азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділікке де байланысты. Мамандардың пікірінше, зорлық-зомбылық фактілерін ерте анықтау, сенім арналарына дер кезінде хабарлау және мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту – алдын алудың негізгі шарттары.



Бала – елдің ертеңі. Оның қауіпсіздігі мен құқықтарының қорғалуы мемлекеттің стратегиялық басымдығы болып қала береді. Қабылданған заң мен жаңа тетіктер осы бағыттағы жұмыстың жүйелі түрде жалғасын жатқанын көрсетеді. Өділетті қоғам құру жолында баланың құқығы мен қадір-қасиетін қорғау – басты өлшем.

Ерлік КЕБЕКБАЙ

## Қонаевта «Құқықтық сауаттылық және қауіпсіз отбасы» семинар-тренингі өтті

Қонаев қалалық Мәдениет үйінде «Құқықтық сауаттылық және қауіпсіз отбасы» тақырыбындағы семинар-тренинг өтіп, оған еңбек ардагерлері, аналар кеңесінің мүшелері, қоғамдық ұйым өкілдері мен ата-аналар қатысты. Жиынның күн тәртібіне қоғамды алаңдататын өзекті мәселе – отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты күшейту және жәбірленушілерге көрсетілетін көмектің қолжетімділігін арттыру бағыттары шығарылды. Іс-шараны ашқан Қонаев қаласы әкімінің аппарат басшысы Рахман Шахарбек мұндай кездесулердің мақсаты – тұрғындарға заңнамалық өзгерістерді түсіндірумен қатар, қауіпсіздік мәдениетін орнықтыру екенін атап өтті.

Семинарда алғашқы болып сөз алған Алматы облыстық аналар кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Гүлнар Сағатқызы Жошыбаева тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кең таралуы әлеуметтік, психологиялық және құқықтық салдарға әкеліп отырғанын айтты. Оның пайымынша, мәселені тек салдармен күрес арқылы шектеу жеткіліксіз, ең бастысы – отбасының ішінде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру. Төраға өз баяндамасында қауіпсіз орта құруға ықпал ететін бірнеше бағытқа тоқталды: отбасы ішіндегі сенімді қарым-қатынас пен ашық сөйлесу, қауіпсіздік тақырыбында оқыту мен ақпараттандыру, құндылықтарды бекіту, салауатты өмір салты, технологиялық сауаттылық, төтенше жағдайға дайындық, психологиялық



қолдау. Сондай-ақ халықаралық тәжірибеге назар аударып, бірқатар елдерде зорлықтың алдын алу заңнаманы күшейтумен қатар, баспана, психологиялық қызмет, білім беру бағдарламалары және қоғамның көзқарасын өзгерту арқылы жүргізілетінін жеткізді. Спикердің айтуынша, тиімді нәтиже үшін алдын алу, түсіндіру және қолдау тетіктері қатар жүруі керек.

Іс-шарада «Human rights lawyers» қоғамдық қорының президенті, психоанализ бағыты бойынша психолог Ләззат Ракишева тұрмыстық зорлық пен stalkingті тек жеке отбасының ішкі мәселесі ретінде қарастыру дұрыс еместігін атап өтті. Оның ойынша, отбасы қауіпсіздігі – қоғам қауіпсіздігінің бір өлшемі, ал құқық бұзушылықтар еленбей қалса, оның салмағы күшейеді. Осы ретте ол зорлық-зомбылық пен stalkingке қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі нормаларға тоқталып, соңғы өзгерістердің жауапкершілікті нақтылай

түскенін айтты. Құқықтық сауаттылықтың маңызы да осы тұста айқын көрінеді: жәбірленуші қайда жүгінетінін, қорғау тетіктері қалай іске қосылатынын және қандай құқықтары барын білуі тиіс.

Психологиялық аспектіні «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының практик-психологы Жеңісгүл Хабаева тарқатты. Ол стелкингтің «жай мазалау» деңгейінен асып, адамның психикасына жүйелі қысым жасайтынын, тұрақты стресс тудырып, өмір сапасын төмендететінін айтты. Мұндай жағдайда адам өзін үнемі бақылауда жүргендей сезініп, ұйқының бұзылуы, мазасыздық, паникаға ұқсас белгілер пайда болуы мүмкін екенін ескертті. Психологтың айтуынша, мәселені «ұсақ-түйек» деп бағаламай, дер кезінде маман көмегіне жүгіну және әлеуметтік қолдауды күшейту – қауіпті ұлғаюына жол бермейтін маңызды қадам.

Семинарда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету мекемесінің психологы Динара Қуатбаева нақты деректер мен тәжірибені ортаға салды. Ол отбасы мен балалық шақты қорғау мемлекеттің ішкі саясатының басымдығы ғана емес, конституциялық кепілдік екенін атап өтті. Спикердің мәліметінше, орталық ашылғалы бері «бір терезе» қағидаты бойынша 940 адамға (252 әйел мен 688 балаға) көмек көрсетілген. Жүгіншілер санының 81 пайызға артуы қылмыстың көбейгенін емес, «үнсідік» шеңберінің бұзылып, мемлекеттік институттарға сенімнің нығайғанын білдіретін оң динамика ретінде бағаланды.

Баяндамашы орталықта жолға қойылған көмектің кезең-кезең алгоритмін де түсіндірді: алдымен жәбірленуші мен балаларын қауіпсіз орынға жедел орналастыру, медициналық және құқықтық көмек көрсету, ары қарай психологиялық оңалту, әлеу-

меттік бейімдеу (кәсіпке баулу, жұмысқа орналастыру, балаларды білім ұйымдарына орналастыру) және орталықтан шыққаннан кейін бес жылдық пост-мониторинг жүргізу. Оның айтуынша, ведомствоаралық ықпалдастықтың нәтижесінде – полиция департаменті, аналар кеңесі, үкіметтік емес ұйымдар және отбасын қолдау орталықтары бірлесіп жұмыс істегендіктен – көмек алған жәбірленушілердің 90 пайызы отбасына қайта оралған, ал қайталану жағдайлары тіркелмеген. Мұндай дерек мамандар еңбегінің нәтижесі ғана емес, қолдау мен бақылаудың бірізді жүйеге түскенін көрсетеді.

Динара Қуатбаева өз баяндамасында өңірлік бөлініске де тоқталып, ең көп жүгінуші Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле аудандарынан келгенін атап өтті. Бұл мәліметтер бір жағынан – құқықтық сауаттылықтың индикаторы, екінші жағынан – алдын алу жұмыстарын қай аумақта күшейту қажет екенін аңғартатын көрсеткіш. Сонымен бірге ол зорлықты «дәстүрмен» ақтауға ұмтылатын түсініктердің қауіпті екенін айтып, ұлттық құндылықтардың өзегі – әйел мен баланы қорғау, құрметтеу екенін алға тартты. Спикер агрессорлармен жұмысты күшейтуге де назар аударып, мәжбүрлі психологиялық түзету бағдарламаларын енгізу, ашу-ызаны басқару дағдыларын қалыптастыру және әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін арттыру рецидивтің алдын алуда маңызды екенін айтты.

Кездесуде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы қабылданған заңнамалық өзгерістердің нәтижесіне қатысты да пікір айтылды. Баяндамаларда соңғы кезеңде тұрмыстық зорлық туралы хабарламалардың біршама азайғаны, ауыр қылмыстардың төмендеуі үрдісі, сондай-ақ балалар қауіпсіздігіне қатысты дабыл механизмдерінің кеңейгені сөз болды. Бұл бағыттағы шаралар тек жазалау нормаларымен шектелмей, ерте анықтау, профилактика, кеңес беру және көмек көрсету жүйесін қатар дамыту қажеттігін көрсетті.

Шара барысында Қонаев қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәматкен Нүсүпбекованың және Талғар, Қарасай, Іле аудандары отбасын қолдау орталықтары басшыларының баяндамалары тыңдалып, тәжірибе алмасу өтті. Семинар-тренингтің қорытындысы әжелер ансамблінің концерттік бағдарламасымен түйінделді. Ұйымдастырушылардың пайымынша, құқықтық сауаттылықты арттыру, қауіпсіздік мәдениетін орнықтыру және қолдау қызметтерін қолжетімді ету – отбасы институтын нығайтудың нақты тетігі. Ал бұл бағыттағы ең маңызды қағида – үнсіді қалмау және көмек сұраудан қысылмау.

Назерке ИНАҚЫНОВА





## Делегация Алматинской области приняла участие в Форуме будущих технологий в Москве

В Москве прошёл Форум будущих технологий — одна из ключевых международных площадок, где формируется повестка биоэкономики, биомедицины и высоких технологий ближайших десятилетий. В работе форума приняли участие представители медицинских учреждений Алматинской области во главе с руководителем Управления здравоохранения Ержаном Абилхасимовичем Сулейменовым.

Форум объединил ведущих учёных, разработчиков, представителей фармацевтической индустрии, регуляторов и экспертов в области искусственного интеллекта. Центральной темой стало формирование биоэкономики как новой технологической платформы, где биотехнологии, цифровые решения, генетические исследования и медицина здорового долголетия

рассматриваются как элементы единой системы.

Особое внимание на форуме уделили развитию национальных центров генетических ресурсов и биобанков. Эти инфраструктуры позволяют аккумулировать и анализировать большие массивы данных, создавая основу для персонализированной медицины. Для системы здравоохранения Алматинской области участие в обсуждениях открыло перспективы внедрения генетического скрининга, более точной диагностики наследственных и онкологических заболеваний, а также участия в международных научных программах.

Значительный интерес вызвали сессии, посвящённые биофармацевтике будущего. Отмечалось, что разработка одного инновационного лекарственного препарата может стоить

до 2–2,5 млрд долларов, при этом лишь около 12 процентов молекул доходят до успешного завершения клинических исследований. Участники подчеркнули, что внедрение искусственного интеллекта способно сократить цикл разработки до 2–3 лет, существенно снизив затраты и ускорив вывод новых методов лечения на рынок. Для региона это означает возможность участия в клинических исследованиях, внедрения современных протоколов терапии и расширения сотрудничества с международными фармацевтическими компаниями.

Отдельный блок дискуссий был посвящён синтетической биологии — направлению, которое условно называют «конструктором жизни». Речь шла о создании новых биологических систем с заданными свойствами — от инновационных вакцин до клеточных

и генных терапий. Эксперты отмечали, что такие технологии уже меняют подходы к лечению онкологических и редких заболеваний и в перспективе могут стать частью высокотехнологичной медицинской помощи.

Не менее важной темой стали нейротехнологии и интерфейсы «мозг – компьютер». Представленные разработки продемонстрировали новые возможности реабилитации пациентов после инсультов, черепно-мозговых травм и нейродегенеративных заболеваний. Для Алматинской области это направление рассматривается как потенциальная точка роста в развитии современных реабилитационных центров.

Форум также затронул вопросы биоэтики и нормативного регулирования. В условиях стремительного технологического прогресса участники обсуждали необходимость баланса между инновациями и безопасностью пациентов. Речь шла о механизмах регуляторных «песочниц», стандартизации и формировании прозрачной правовой среды для внедрения новых решений в практическое здравоохранение.

Большое внимание уделили подготовке кадров — формированию специалиста будущего, сочетающего компетенции в медицине, биотехнологиях, аналитике данных и управлении инновациями. Для региона это означает необходимость развития образовательных программ, повышения квалификации медицинских работников и интеграции научных знаний в клиническую практику.

Участие делегации Алматинской области в Форуме будущих технологий стало не только возможностью обмена опытом, но и элементом стратегической работы по внедрению передовых решений в региональную систему здравоохранения. Инновации в биомедицине, искусственном интеллекте и генетике напрямую связаны с качеством медицинской помощи, продолжительностью и активностью жизни населения, и обсуждённые на форуме инициативы задали ориентиры для дальнейшего развития отрасли.

**Айна МУКАНОВА**

## АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІК: МИКРОКРЕДИТТЕУ МЕН ЛИЗИНГ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛМЕК

Елімізде ауыл экономикасын дамытуға бағытталған жаңа бастамалар қолға алынуда. Мемлекет басшысы Ауыл әкімдерінің диалог-платформасында ауылдық аумақтардың экономикалық әлеуетін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеу міндетін қойған болатын. Осы тапсырманы орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредиттеу және лизинг беру қағидаларына өзгерістер енгізуді көздейтін бұйрық жобасын әзірледі.

Өңгіме Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы №53 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бастама жөнінде болып отыр. Ұсынылған түзетулер ауылдағы кәсіпкерлердің қаржыландыруға қол жеткізуін жеңілдетіп, қарыз алу кезіндегі әкімшілік және қаржылық кедергілерді азайтуды мақсат етеді.

Жаңа өзгерістердің маңызды тетіктерінің бірі – жеткілікті кепіл мүлкі жоқ кәсіпкерлерге қолдау көрсету. Атап айтқанда, микрокредиттер мен лизинг бойынша кепілдік беру механизмін енгізу ұсынылып отыр. Бұл қадам ауыл тұрғындарының бизнес бастауына немесе қолданыстағы ісін кеңей-



туіне қосымша мүмкіндік береді. Нәтижесінде мемлекеттік қолдау алушылардың саны артып, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік белсенділік күшейеді.

Микрокредит немесе лизинг алуға ниетті үміткерлер белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттарды жинақтап, цифрлық жүйедегі жеке кабинеті арқылы электронды өтінім бере алады. Бұл рәсім өтінім беру үдерісін жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жобаларды іріктеу барысында бірнеше негізгі өлшемдер ескеріледі. Ең алдымен, ұсынылған бастаманың басым бағыттарға сәйкестігі, жаңа жұмыс орындарын ашу мүмкіндігі, сондай-ақ жаңа техника мен жабдықты сатып алу арқылы өндірістік әлеуетті арттыруы назарға алынады.

Мамандардың айтуынша, аталған өзгерістер қабылданған жағдайда «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға арналған қаржылық қолдау құралдарына қолжетімділік айтарлықтай кеңейеді. Бұл ауыл экономикасының тұрақты дамуына және тұрғындардың табысын арттыруға оң ықпал етуі мүмкін.

Бұйрық жобасы қоғамдық талқылау үшін ашық орналастырылған. Құжатпен толық танысуға және ұсыныстар беруге болады.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ**

# STEAM мен жасанды интеллект Қонаев балабақшаларында нәтижелі қолданылуда



**Қонаев қаласындағы «Балауса» бөбекжай-балабақшасында «STQ (Smart Teacher Қонаев) – жасанды интеллект негізіндегі цифрлық педагогтерді дамыту» жобасы аясында «Мектепке дейінгі ұйымдағы STEAM және жасанды интеллект: баланың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары» тақырыбында ауқымды ашық алаң өтті. Бұл іс-шара қалалық деңгейде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту бағытындағы нақты қадамдардың бірі ретінде ұйымдастырылды.**

Ашық алаңға Қонаев қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері, әдіскерлер, сондай-ақ Қонаев қаласы білім бөлімінің басшысы М.Құрманалиева және Алматы облысы, Қонаев қаласы әдістемелік орталығының бөлім басшысы Н.Исаева қатысты. Жиын тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, мектепке дейінгі білім берудің жаңа моделін талқылауға арналған кәсіби орта болды.

Іс-шараны «Балауса» балабақшасының меңгерушісі Тоқтыхан Әбишева ашып, STEAM технологиясы мен жасанды интеллект элементтерін мектепке дейінгі білім беру үдерісіне кіріктіру – уақыт талабы екенін атап өтті. Оның айтуынша, баланың танымдық қабілеттерін ерте жастан дамыту – сапалы білімнің іргетасы.

Аханова Лаура жүргізген мазмұнды презентацияда STEAM тәсілінің мәні жан-жақты түсіндірілді. Бұл әдіс ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіре отырып, баланың кешенді дамуына бағытталады. STEAM-ның негізгі мақсаты – ба-



ланы дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өздігінен ізденетін, талдайтын, қорытынды жасайтын зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыру.

Презентация барысында күтілетін нәтижелер нақты айқындалды: баланың ой-өрісі кеңейеді, сөздік қоры мөлейді, ұсақ моторикасы жетіледі, зейіні тұрақтанады, қабылдау және сыни ойлау қабілеті қалыптасады. Сонымен бірге командалық жұмыс, шығармашылық бастама, өзіне сенімділік және зерттеушілік мәдениет дамиды.

Жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі орны да кеңінен талқыланды. ЖИ – адамның ойлау және талдау қабілетін модельдейтін технология. Ол интерактивті тапсырмалар әзірлеуге, жеке даму траекториясын анықтауға, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, есте сақтау жаттығуларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі кезеңде ЖИ элементтерін қолдану баланың қызығушылығын арттырып, оқыту үдерісін жандандырады.



делгенін айтты. Табиғаттың ластанған және таза күйін салыстыру арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеті дамытылды. Сонымен бірге ата-аналарды да бұл бағытта бірлесіп жұмыс істеуге тарту қажеттігі көрсетілді.

«Құралай» ересек тобы «Жасанды интеллект және STEAM технологиясының элементтерін қолдану арқылы баланың зерттеушілік қабілетін дамытудың тиімді тәсілдері» тақырыбында зертханалық жұмыстар ұсынды. Тәрбиеші Ж.Қаракөзова балалардың тәжірибе жасау арқылы үйреніп жатқанын айтты. Олар түстерді араластыру, жұмыртқаның бату-батпауын анықтау, микроскоппен бақылау, магнит арқылы құм ішінен темір бөлшектерді табу, жанартаудың атқылауын модельдеу сияқты әрекеттер орындады. Сонымен бірге ЖИ көмегімен балалардың болашақ мамандықтағы бейнесін көрсету олардың ерекше қызығушылығын арттырды.

«Балапан» мектепалды тобы инженерлік ойлау мен математикалық түсініктерді STEAM технологиясы және жасанды интеллект элементтері арқылы қалыптастыру бағытында жұмыс көрсетті. М.Кенжегулова мен А.Женсебаева балалардың инженерлік құрастыру, кеңістіктік ойлау және есеп шығару дағдыларын дамытудың маңызын көрсетті.

«Құлыншақ» мектепалды тобы STEAM ортасының кешенді моделін ұсынды. Тәрбиеші М.Болысбекова балалар бес бағыт бойынша жұмыс жасағанын айтты: арт бөлімінде киім үлгілерін бояп, безендіру; технология бөлімінде ілмекпен тоқу және оюларды тұз бен манка арқылы жапсырып бояу; инженерия бөлімінде кірпіштен үй құрастыру; математика бағытында есеп шығару. Бұл тәсіл баланың шығармашылығы мен сыни ойлауын қатар дамытатыны байқалды.

Шара аясында «Жарқын балалық шақ» концерттік бағдарламасы ұсынылып, Г.Аймағамбетова педагогтің эмоциялық жағдай туралы тренинг өткізді. Бұл STEAM және ЖИ дәуірінде мұғалімнің кәсіби әрі психологиялық тұрақтылығы маңызды екенін көрсетті.

Жиынға қатысқан Қонаев қаласы білім бөлімінің басшысы М.Құрманалиева мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды енгізудің стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, STEAM тәсілі баланың зерттеушілік әлеуетін ашуға мүмкіндік береді және болашақ цифрлық қоғамға бейім тұлға қалыптастыруға негіз қалайды. Әдістемелік орталық өкілі Н.Исаева да педагогтердің жұмысына жоғары баға берді.

Ашық алаң барысында ұсынылған тәжірибелер Қонаев қаласында мектепке дейінгі білім берудің мазмұны жаңарып жатқанын көрсетті. STEAM технологиясы мен жасанды интеллект элементтерін кіріктіру арқылы баланың зерттеушілік, шығармашылық, логикалық және танымдық қабілеттерін дамытуға жүйелі жағдай жасалып отыр.



# Алматы облысында көктемгі әскерге шақыру науқанына дайындық мәселелері талқыланды

**Алматы облысында алдағы көктемгі әскерге шақыру науқанына дайындық барысы пысықталды. Осы мақсатта Алматы облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінде шақыру және медициналық комиссия төрағаларының, сондай-ақ аудандық қорғаныс істері басқармалары бастықтарының қатысуы-мен нұсқаулық-әдістемелік жиын өтті. Бұл туралы Қонаев гарнизонының баспасөз қызметі хабарлады.**

Іс-шараға Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары, облыстық шақыру комиссиясының төрағасы Қанат Есболатов төрағалық етті. Жиынға сондай-ақ Алматы облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Нұрбол Жұмашхан қатысты.

Кездесу барысында 2025 жылғы күзгі әскерге шақыру науқанының қорытындылары шығарылып, биыл өтетін көктемгі мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыру науқанының негізгі міндеттері айқындалды. Қатысушылар әскерге шақыру

ру үдерісін тиімді ұйымдастыру, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және комиссиялардың жұмысын жетілдіру мәселелерін жан-жақты талқылады.

Жиында медициналық тексерудің объективтілігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Әскерге шақырылушылардың әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтауда бірыңғай талаптарды сақтау, сондай-ақ шақыру комиссиялары жұмысының ашықтығы мен әділдігін арттыру қажеттігі атап өтілді.

Жиынға аудан әкімдері мен олардың

орынбасарлары, қорғаныс істері жөніндегі департамент өкілдері, Қонаев гарнизонының әскери прокуратурасы мен әскери полиция қызметкерлері, Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі, Ұлттық ұлан және Мемлекеттік күзет қызметінің өкілдері қатысты.

Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов өз сөзінде әскерге шақыру науқанының барлық кезеңінде заңдылық пен ашықтықты сақтау маңызды екенін атап өтті.

«Біздің негізгі міндетіміз – шақыру науқанының барлық кезеңінде заңдылықты, ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету. Әрбір шақырылушы медициналық тексеруден белгіленген талаптарға толық сәйкес өтуі тиіс. Комиссиялардың шешімдері нақты негізделген әрі әділ болуы қа-

жет. Барлық уәкілетті органдардың өзара үйлесімді жұмысы ғана көктемгі әскерге шақыруды сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді», – деді ол.

Нұсқаулық-әдістемелік жиын аясында Қанат Есболатов Алматы облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің облыстық жинақтау пунктінде де болды. Ол мекеменің материалдық-техникалық базасымен және шақыру комиссиясының жұмыс жағдайымен танысты.

Жауапты тұлғалардың айтуынша, облыстық жинақтау пунктінде көктемгі әскерге шақыру науқанын өткізуге толық дайын. Бұл шаралар әскерге шақыру үдерісін тиімді ұйымдастыруға және еліміздің Қарулы Күштерін жас сарбаздармен толықтыруға мүмкіндік береді.

**Шолпан КӨПІРБАЙ**



# Алғыс айту күні – ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтатын мереке

орынбасары Төлеген Кенжебеков қатысып, қала тұрғындарын мерекемен құттықтады. Мерекелік кеш барысында концерттік бағдарлама ұсынылып, сахналық қойылымдар, ән мен би көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар қаланың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар еңбек адамдарына алғыс хаттар табысталды.

Өз сөзінде Төлеген Кенжебеков Алғыс айту күнінің қоғамдағы татулық пен өзара құрметті нығайтудағы маңызы зор екенін атап өтті.

«Алғыс айту күні – бірлік пен жанашырлықтың, өзара құрметтің жарқын көрінісі. Бұл мереке өткенге тағзым етіп, бүгінгі татулықты бағалауға және болашаққа сеніммен қарауға үндейді. Қонаев қаласының бүгінгі жетістіктері – ортақ еңбектің нәтижесі. Осы табыстардың артында әрбір еңбек адамының маңдай тері тұр», – деді ол.

Салтанатты жиында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Адам Бойсаев та сөз сөйлеп, мерекенің тарихи әрі рухани маңызына тоқталды. Оның айтуынша,

**1 наурыз – Қазақстанда Алғыс айту күні аталып өтеді. Бұл мереке – түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан еліміздегі достық, өзара құрмет пен ынтымақтың символына айналған маңызды күн. Осыған орай республика көлемінде көптеген мәдени және қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылып, қоғамдағы бірлік пен татулықтың маңызы кеңінен насихатталды.**

Алғыс айту күніне орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды мерекемен құттықтап, бұл күннің қоғамды біріктіретін айрықша мәнін атап өтті. Мемлекет басшысы ризашылық білдіріп, өзара қолдау көрсету және үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу сияқты құндылықтар Қазақстан қоғамының берік негізі екенін айтты. Президенттің айтуынша, бірлік пен келісім – ел дамуының басты кепілі.

Мерекеге орай Қонаев қаласында да салтанатты іс-шара өтті. Оған қала әкімінің



қазақ халқы түрлі кезеңдерде елімізге келген өзге ұлт өкілдерін бауырына басып, қиын шақтарды бірге еңсерді. Бүгінде Қазақстанда түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп келеді.

Алғыс айту күні қарсаңында игі бастамалар Қонаев гарнизонында да жалғасын тапты. Әскери бөлімнің десантшылары «Шарапат» арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып, қарттар мен ардагерлерге құрмет көрсетті. Әскери қызметшілер өнерпаздар тобының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынып, халық әндерін орындап, би билеп, қарияларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Сонымен қатар орталық тұрғындарына тәтті тағамдар тарту етіліп, әскери қызметшілер қарттармен еркін әңгімелесіп, олардың өмірлік тәжірибелері мен естеліктерін тыңдады. Кездесу ерекше жылы әрі отбасылық атмосферада өтті.

Қонаев гарнизоны десанттық-шабуылдау бригадасы командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, гвардия подполковнигі Абзал Таждинов мұндай кездесулердің тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтті.

«Алғыс айту күні қарсаңында біз ардақты қарияларымызға құрмет көрсетіп, олардың көңілін көтеруді жөн көрдік. Үлкен буынға қамқорлық жасау – біздің азаматтық әрі адамгершілік борышымыз. Олардың қуанышын көру – біз үшін ең үлкен марапат», – деді ол.

Айта кету керек, Қонаев гарнизонының әскери қызметшілері жыл бойы ардагерлер мен зейнеткерлерге қолдау көрсетіп, түрлі қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді. Мұндай игі істер ұрпақтар сабақтасығын нығайтып, қоғамдағы өзара сыйластық пен патриоттық рухты арттыруға ықпал етеді.

Бүгінде Алғыс айту күні – Қазақстан халқының достығы мен татулығын айшықтайтын маңызды мерекелердің біріне айналды. Бұл күн адамдарды бір-біріне алғыс айтып, жақсылық жасауға, қоғамдағы бірлік пен келісімді бағалауға үндейді.

**Аян ҚОНАРОВ**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мемлекеттік қызмет — мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңымен бекітілген. Ол қоғам мүддесіне адал қызмет етуді, жоғары жауапкершілікті және кәсібилікті талап етеді, сондай-ақ саяси және әкімшілік лауазымдар болып бөлінеді. Мемлекеттік қызметші — мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында айқындалған Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері заңнамаға сәйкес құқықтарын жүзеге асырады. Оларға қауіпсіз еңбек жағдайлары, еңбекақы, қызметтік ақпаратқа қол жеткізу, кәсіби даму, демалыс және сенімгерлік



басқаруға берілген мүліктен кіріс алу құқықтары жатады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер өз құқықтарын қорғауға және қызметтік міндеттерін заң аясында орындауға құқылы.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері: — Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау;

— Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бо-стандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және олардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен қарау; лауазымдық міндеттерді тиімді орындау үшін кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыру; лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде саяси партиялардан, қоғамдық және діни бірлестіктерден бейтарап және тәуелсіз болу; қызметтік тәртіпті сақтау және заңмен қорғалатын құпияны сақтау; азаматтардың жеке өміріне қатысты ақпаратты жарияламау;

— мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және оны тек қызметтік мақсатта пайдалану; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайларын хабарлау және олардың алдын алу; қызметтік әдепті сақтау; мемлекеттік органның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызметшілердің басқа да міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көрсетілуі мүмкін.

**Н.Медетов,**

**«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы**

# ҚОНАЕВТА ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН АШЫҚ АЛАҢ ӨТТІ

**Қонаев қалалық «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасында «Smart Teacher Қонаев» – жасанды интеллект негізіндегі цифрлық педагогтерді дамыту» жобасы аясында ашық алаң өтті. Мақсаты – жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде тиімді пайдалану арқылы педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, ұйымдастырылған іс-әрекетті заманауи технологиялар негізінде жоспарлау және талдау дағдыларын қалыптастыру.**

Іс-шараны ашқан облыстық әдістемелік орталықтың басшысы Гүлжихан Жалғасбекқызы өскелең ұрпаққа тәрбиемен қатар уақыт талабына сай сапалы білім беру балабақшадан басталатынын атап өтті.

Одан кейін «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Наркес Сасенова сөз алып, бүгінде 16 топта 370 бала тәрбиеленіп жатқанын, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес өткен жылдары «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталықтары, «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобасы және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарының апробациясын өткізу бойынша жоба аясында жұмыс істелгенін айтты. Қазіргі кезде балабақшада ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Балаларды ерте дамыту



институтының «Ерте жастан бастап кәсіптік еңбекке баулу» пилоттық жобасынан өтіп жатқанын тілге тиек етті.

Меңгерушінің айтуынша, өзі басшылық жасайтын ұжым «Мектепке дейінгі үздік

ұйым – 2022» республикалық байқауында «Еңбекқор балабақша» номинациясына ие болған. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Осы меморандум аясында аталған оқу орындарының студенттері балабақшаға келіп, тәжірибеден өтеді. «Үздік балабақша – 2025» облыстық байқауында «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасы 1-орынға ие болған. Сонымен қатар балабақшада «Аталар», «Әжелер», «Әкелер» және «Аналар» мектептері өткізіледі.

Шара барысында қатысушыларды балабақша қызметкерлері білім алуға және жұмыста цифрлық технологияларды пайдалануда қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған жасанды интеллект құралдарымен кеңінен таныстырды. Ашық алаңдағы кейбір жас қатысушылар виртуалды робот-көмекшіні жасау кезінде оның қандай функцияларын қажет болатынын, қандай компоненттерден тұруы керектігін, сыртқы

ортаға қалай әсер ететінін талқылады.

Содан соң қонақтар топтарда өткен іс-әрекеттерге қатысып, өз бағасын берді. «Қуыршақ» ересек тобында тәрбиеленушілер өздерінің «Мамандықтар әлемі» қойылымында ЖИ болашақ мамандығын таңдауға және таңдаған мамандығы бойынша оқуға түсуге қалай көмектесетінін көрсетті.

«Ақерке» ересек тобының тәрбиешісі Сабина Аяпбергенова тапсырмаларды дайындауда, бағалауда, кері байланыс беруде жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып, «Жолда жүру ережесін білейік» атты ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді. Осындай ұйымдастырылған іс-әрекеттерді Еңлік Қойбағарова «Ертестік» мектепалды даярлық тобында, Римма Избасарова «Арай» мектепалды тобында, Жұлдыз Дүйсенбаева «Ақшуақ» ересек тобында, Жұлдыз Медеубекова «Құралай» мектепалды тобында, Айгерім Қалышева «Ақжелкен» ересек тобында, Нұржанова Жайна мен Шакерова Галия «Айару» мектепалды тобында, Мәдіева Асылзат пен Танекеева Раушан «Айзер» ересек тобында, Қуанышбаева Камила мен Даутқалиева Мадина «Сымбат» мектепалды тобында өткізді.

Балабақша қызметкері Гүлнұр Машербаева өзге балабақшалардан келген әріптестеріне «Робототехника», «Құм терапиясы», «Монтессори», «Жолда жүру», «Асық терапиясы», «Шахмат», «Зертхана», «Психология», «Тұз шахтасы» және тағы басқа орталықтарды аралатып көрсетті.

— Бүгін Қонаев қаласындағы «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасында өткен семинардан өте жақсы әсер алдым. Шара жоғары деңгейде, мазмұнды әрі заманауи форматта ұйымдастырылған. Әсіресе жасанды интеллектті қолдану тәсілдері ерекше қызығушылық тудырды. Біз үшін балалармен жұмыста жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарын көру үлкен тәжірибе болды. Іс-шара барысында ұсынылған идеялар мен әдістер өз балабақшамызда да қолдануға әбден лайық деп есептеймін. Соның ішінде цифрлық құралдарды шығармашылықпен ұштастыру, балалардың қызығушылығын арттыруға бағытталған тапсырмалар маған ұнады. Болашақта жасанды интеллект элементтерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге ниеттімін. Осындай жаңашыл, мазмұнды шара ұйымдастырған қалалық білім бөліміне және балабақша меңгерушісі Наркес Сасенова мен оның ұжымына алғысымды білдіремін, — деді Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасынан келген Әлия Байзақова.

**Шолпан ҚАРАЕВА**



## №3 Модуль «Дауыс беруге арналған бюллетень»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

## №3 Модуль «Бюллетень для голосования»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важно голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума Республики Казахстан**



# ЖЕЛШЕШЕК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Желшешек (желшешек) - тән көпіршікті бөртпемен бірге жүретін өте жұқпалы жедел инфекциялық ауру. Мұнымен 1 жастан 10 жасқа дейінгі балалар жиі, ал 10 жастан асқан балалар мен ересектер сирек ауырады. Желшешекпен ауырып жазылған адамда күшті иммунитет қалады. Желшешек ауа арқылы тарайды. Сырқаттың инкубациялық (жабық) кезеңі 11 күннен 21 күнге дейін, яғни орташа 14—15 күнге созылады. Ауру басталғанда температура 38—39°C-ге дейін көтеріледі де, адамның терісі мен шырышты

қабығында қышыма бөрткен пайда болады. 3—5 күн өткеннен кейін бөрткеннің көбеюі тоқтайды да, температура төмендеп, қалпына келеді, бөрткен қара қотырланып, 1,5—2 аптадан соң оның қабығы түседі. Кейде барлық ауырғай кезеңде температурасы көтерілмей, әдеттегідей бір қалыпты болады.

Ауру адам сырқаттың инкубациялық кезеңінің соңғы күнінен бастап және бөрткен шыққаннан кейінгі 9-күнге дейін жұқпалы болып есептеледі. Әдетте желшешек жеңіл өтеді, бірақ кейде (әлжуаз балаларға шыққанда) асқынатын да кезі болады, терісі іріңдейді, құлақтары мен аузының шырышты қабығы т. б. қабынып ауырады. Сырқат баланы мұқият күтімге алу керек. Аурудың денесі бөртсе, оның үстіне температурасы көтерілсе, сырқатты қозғалтпай жатқызып қойған дұрыс. Төсек — орын жаймасын жиі-жиі алмастырған жөн. Сондай-ақ теріні күтудің де маңызы зор. Баланың денесінде бөрткеннің болғанына қарамастан оны қайнаған сумен немесе қызғылтым етіп езілген калий перманганатымен жуады, ал қолын сабындап жуу керек. Бала терісін қасып, тырнап тастамауы үшін қолының ты-

рнағын алып, дәкеден қолғап тігіп кигізу қажет. Бөрткенді 1 проценттік калий перманганатының немесе 1—2 проценттік бриллиантты зеленка ерітіндісімен сүртсе, ол көп қышымайтын болады. Баланың ерніне тұзсыз сары май немесе қайнатылған күнбағыс майын жағып, сусынды көп ішкізу керек. Кішкентай баланың таңдайын салқын шаймен немесе қайнаған сумен жібітіп отырады. Сондай-ақ сәбидің танауының тазалығына баса назар аудару қажет. Танауындағы жараның қабығын вазелин жағылған немесе қайнатылған күнбағыс майына шылған мақтамен сүртіп тазалайды.

Желшешек шыққанда науқас бала жатқан бөлмені желдетіп, дымқыл шүберекпен сүртіп алса жеткілікті. Науқаспен жақындасқан 7 жасқа дейінгі баланы 11 күннен 21 күнге дейін оңашалау керек (жақын араласқан алғашқы күннен бастап).

**Н.МЕДЕТОВ,**  
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

## КАКИЕ НОВОВВЕДЕНИЯ НАЧАЛИ ДЕЙСТВОВАТЬ В КАЗАХСТАНЕ С 1 МАРТА

С марта 2026 года в Казахстане вступил в силу комплекс законодательных изменений, затрагивающих уголовное и административное право, налоговую сферу, дорожную безопасность и вопросы общественного порядка. Первый месяц весны оказался насыщенным конкретными нормами и цифрами, которые напрямую влияют на повседневную жизнь граждан.

Одним из наиболее значимых нововведений стало ужесточение ответственности за насилие в отношении медицинских работников. Поправки внесены в Уголовный кодекс и направлены на защиту врачей, медсестёр, фельдшеров и сотрудников скорой помощи при исполнении ими служебных обязанностей. За угрозу применения насилия предусмотрен штраф от 200 до 500 месячных расчётных показателей (МРП). В 2026 году 1 МРП составляет 4 325 тенге, соответственно размер штрафа варьируется от 865 000 до 2 162 500 тенге. Альтернативой могут стать исправительные работы, общественные работы до 300 часов, ограничение либо лишение свободы на срок до 2 лет. При наличии отягчающих обстоятельств срок лишения свободы может увеличиваться до 3 лет.

За применение насилия, не опасного для жизни и здоровья, предусмотрен штраф от 500 до 1000 МРП (от 2 162 500 до 4 325 000 тенге) либо лишение свободы на срок от 2 до 3 лет, а при отягчающих обстоятельствах — от 3 до 7 лет. Если действия повлекли угрозу жизни либо тяжкий вред здоровью, наказание составляет от 5 до 10 лет лишения свободы, а при наличии отягчающих обстоятельств — до 12 лет.

Параллельно расширены полномочия местных исполнительных органов в сфере благоустройства. С 1 марта акиматы получили право самостоятельно составлять административные протоколы за загрязнение общественных мест и нарушение правил содержания территорий. В соответствии со статьёй 434-2 Кодекса об административных правонарушениях за выброс мусора в неположенном месте предусмотрен штраф в размере 10 МРП — 43 250 тенге — либо общественные работы до 40 часов. Повторное нарушение в течение года влечёт штраф в 20 МРП — 86 500 тенге — либо общественные работы до 80 часов.

С 12 марта расширены возможности автоматической фиксации правонарушений. Камеры и цифровые системы, интегриро-



ванные с Единым реестром административных производств, теперь фиксируют не только превышение скорости и проезд на запрещающий сигнал светофора, но и использование мобильного телефона за рулём, непристёгнутый ремень безопасности, отсутствие страхового полиса, курение в неположенных местах и переход дороги вне пешеходного перехода. За курение в запрещённом месте предусмотрен штраф 15 МРП — 64 875 тенге, за переход дороги в неположенном месте — 2 МРП, или 8 650 тенге. Постановление о штрафе выносится на основании автоматической фиксации без участия инспектора полиции.

Изменения затронули и предпринимательский сектор. До 1 марта индивидуальные предприниматели должны были подтвердить применение специального налогового режима. В случае непредставления уведомления налоговые органы автоматически переводят ИП на общеустановленный режим налогообложения с 1 января 2026 года. Это означает иной порядок расчёта налогов, расширенный

перечень отчётности и необходимость ведения полноценного бухгалтерского учёта.

В жилищной сфере 1 марта произведено начисление государственной премии вкладчикам «Отбасы банка» по итогам 2025 года. Государственная поддержка составляет 20 процентов от суммы годовых накоплений в пределах установленного лимита, рассчитанного исходя из 200 МРП. Со 2 марта возобновлён приём заявок на использование единовременных пенсионных выплат для погашения ипотечных займов. Граждане, чьи пенсионные накопления превышают порог минимальной достаточности, вновь получили возможность направить часть средств на уменьшение основного долга по кредиту.

15 марта в стране запланировано проведение республиканского референдума по проекту новой Конституции. Голосование организуется в соответствии с действующим законодательством и охватывает всю территорию республики.

**Дина АМИРОВА**

1 «Халық тұтынатын тауарларды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау  
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі  
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 18.03.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді.  
Интернет ресурстары: ndbecology.gov.kz  
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ATU DUTY FREE KAZAKHSTAN» ЖШС  
Өкілі: Ким Евгения Викторовна  
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30  
5. Тұтыну тауарларын кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz «Алматы облысының Табиғи ресурстар басқармасы және табиғат пайдалануды реттеу» ММ  
6. Халық тұтынатын тауарларды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына мекенжай бойынша танысуға болады: Алматы қ., Түркісіб ауданы Майлин к-сі, 1 үй, тел: 8 747 5004030  
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және электрондық поштаға gkp\_proekt@mail.ru

1 Общественные слушания на тему «Утилизация товаров народного потребления»  
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1  
3. Общественные слушания в форме публичных обсуждений состоятся в период с 18.03.2026 г. в течении 10-ти рабочих дней.  
Интернет ресурсы: ndbecology.gov.kz  
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ATU DUTY FREE KAZAKHSTAN»  
Представитель: Ким Евгения Викторовна  
Контакты: тел.8 747 500 40 30  
5. Материалы по утилизации товаров народного потребления размещены на сайте: ndbecology.gov.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»  
6. Дополнительной информацией по материалам утилизации товаров народного потребления можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, ул. Тимирязева 42, пав. 15, оф 301, тел: 8 747 5004030  
7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и на электронную почту gkp\_proekt@mail.ru

1 «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау  
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Қонаев қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі  
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 18.03.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді.  
Интернет ресурстары: ndbecology.gov.kz  
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Байер КАЗ» ЖШС  
Өкілі: Ким Евгения Викторовна  
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30  
5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ  
6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай Мен нөмір бойынша танысуға болады: Алматы қ., Тимирязев к-сі, 42, ПБЗ. 15, оф 301, тел: 8 747 5004030  
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және электрондық поштаға gkp\_proekt@mail.ru

1. Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»  
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Конаев, промышленная зона, участок «Арна» №137/1  
3. Общественные слушания в форме публичных обсуждений состоятся в период с 18.03.2026 г. в течении 10-ти рабочих дней.  
Интернет ресурсы: ndbecology.gov.kz  
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Байер КАЗ»  
Представитель: Ким Евгения Викторовна  
Контакты: тел.8 747 500 40 30  
5. Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: ndbecology.gov.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»  
6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, ул. Тимирязева 42, пав. 15, оф 301, тел: 8 747 5004030  
7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и на электронную почту gkp\_proekt@mail.ru

Ввиду открытия наследства после смерти гражданина ЧУДНОВЕЦ АЛЕКСЕЯ ВИКТОРОВИЧА, умершего двадцать четвертого января две тысячи двадцать шестого года, наследникам обратиться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Кожевниковой Валентины Ефимовны, умершей шестнадцатого декабря две тысячи двадцать пятого года, наследникам обратиться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

Разыскиваются наследники гражданки Зайцевой Ирины Михайловны, умершей 13 декабря 2025 года. Заявления о принятии или об отказе от наследства будут приниматься до 06 апреля 2026 года по адресу: Алматинская область, город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 29, Нотариус Бахтияров Азамат Сейтқожаевич. Телефоны для справок: 87788904242

Открыто наследственное дело после смерти гражданки Амангуловой Жанны Сакитовны, умершей 25.06.2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу Вишневецкой Светлане Владимировне по адресу: Алматинская область, город Қонаев, микрорайон 1, участок № 35/1 (рядом с ЦОНОМ), телефон 87772450185

Ввиду открытия наследство после смерти гражданки Бижигитовой Бактыбала Айтжановны, умершей 31 августа 2019 года, просим всех наследников обратиться к нотариусу Ахметову Ермеку Ануаровичу по адресу: г. Қонаев, 2 мкр., дом 16, кв.38 или по телефону: 87078353000

Ввиду открытия наследство после смерти гражданина Попова Сергея Алексеевича, умершего 24 сентября 2025 года, просим всех наследников обратиться к нотариусу Ахметову Ермеку Ануаровичу по адресу: г. Қонаев, 2 мкр., дом 16, кв.38 или по телефону: 87078353000



# Табиғи байлық – ұлттың аманаты

Елімізде экологиялық саясаттың жаңа кезеңі басталды. Қазақстан Үкіметі биологиялық әртүрлілікті сақтау және оны орнықты пайдалану жөніндегі тұжырымдаманы бекітті. Бұл – табиғатты қорғау саласындағы бағыт-бағдарды айқындайтын стратегиялық құжат. Қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі ресми түрде мәлімдеді.

Тұжырымдама – уақыт талабы. Қазақстан 1994 жылы ратификациялаған Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция аясында ұлттық стратегия әзірлеуге міндеттенген еді. Сонымен қатар құжат 2050 жылға дейін табиғатпен үйлесімділікті қалпына келтіруді көздейтін Куньмин-Монреаль жаһандық биоәртүрлілік бағдарламасы мақсаттарымен сабақтас.

Бұл қадам – халықаралық міндеттемені орындау ғана емес, елдің табиғи әлеуетін сақтауға бағытталған жүйелі саясат.

#### Жауапкершілік пен жаңаша көзқарас

Құжаттың негізгі өзегі – табиғатты қорғаудың жаңа тәсілі. Ендігі жерде экологиялық саясат салдармен күресуге емес, алдын алуға, табиғи капиталдың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге негізделеді.

Тұжырымдама 8 негізгі бағыт пен 13 нысаналы индикаторды қамтиды. Әрбір көрсеткіш нақты межемен айқындалған. Бұл – табиғатты қорғау ісін жүйелеуге жасалған нақты қадам.

#### Қорғалатын аумақтар ұлғаяды

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың көлемін 2035 жылға қарай 31 млн гектардан 33,2 млн гектарға дейін ұлғайту көзделген. Мұндай аумақтар биоәртүрлілікті сақтау-

дың ең тиімді тетігі екені әлемдік тәжірибеде дәлелденген.

Қорықтар мен ұлттық парктер – табиғи тепе-теңдіктің кепілі. Оларды кеңейту арқылы сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау мүмкіндігі артады.

#### Орман – елдің жасыл қалқаны

Орман шаруашылығын дамыту – тұжырымдаманың маңызды бағыттарының бірі. Қазіргі таңда еліміздің орман қоры 13,9 млн гектарды құрайды. Алдағы жылдары бұл көрсеткіш 14,7 млн гектарға жеткізіледі.

Сонымен бірге ағаш ресурстарын ұтымды пайдалану көзделген. 2035 жылға қарай ағаш өңдеу саласының өнімін бес есеге арттыру жоспарланып отыр. Бұл – табиғатты қорғау мен экономиканы дамыту арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған бастама.

#### Жануарлар дүниесін сақтау – ортақ міндет

Тұжырымдамада Қызыл кітапқа енген жануарлардың санын тұрақты арттыруға басымдық берілген. Жануарлар дүниесін мониторингілеу жүйесін жетілдіру арқылы олардың табиғи мекендеу ортасын қорғау шаралары күшейтіледі.

Аңшылық шаруашылығын ғылыми негізде реттеу де назардан тыс қалмайды. Негізгі мақсат – табиғи тепе-теңдікті бұзбай, орнықты пайдалану қағидатын сақтау.

#### Су ресурстары мен жайылым мәселесі

Ихтиофауна мен табиғи балық қорларын сақтау – азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Мониторингті күшейту және ғылыми зерттеулер жүргізу осы бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттырмақ.

Ал жайылымдардың тозуы – ауыл шаруашылығы үшін өзекті мәселе. Ғылыми негізделген шешімдер мен жүйелі бақылау бұл проблеманы кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік береді.

#### Ұлттық мүдде – ұзақ мерзімді тұрақтылық

Құжатта биоәртүрлілікке қатысты деректерді жинақтау мен жүйелеуге ерекше мән берілген. Нақты индикаторлар арқылы нәтижені бағалау – стратегиялық басқарудың басты шарты.

Қабылданған тұжырымдама Қазақстанның табиғатты қорғау саласындағы аймақтық көшбасшылық рөлін нығайтуға ықпал етеді. Ең бастысы – бұл шешім болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезінуден туындап отыр.

Табиғи байлық – елдің ұзақ мерзімді дамуының тірегі. Оны сақтау мен тиімді пайдалану – мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Жаңа тұжырымдама осы ұстанымды нақты іспен бекітті.

Шолпан ҚАРАЕВА

## ЖАРАЛЫ ЖАННЫҢ ЖАН АЗАСЫ

Жақында Қонаев қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестіктің мүшелері Алматы қаласындағы «Арман» кинотеатрында Ұлттық кино орталық қолдаған жас режиссер Жанана Құрмашева түсірген «Атамекен» «Мы здесь живем» деректі фильмін көріп қайттық.

Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай көрсетілген фильм ядролық сынақтардың бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан салдарына назар аударуға мүмкіндік берді. Фильмде куәгерлердің естеліктері, ядролық сынақтардың салдары және архивтік материалдар қамтылған. Фильмнің өзегінде – қан дертіне шалдыққан кішкентай қыздың өмірі мен оның отбасындағы күрес жатыр. Алайда бұл жеке тағдырдың ғана әңгімесі емес, күллі халықтың жан жарасын еске салатын ұжымдық естелік.

Туынды желісінде ғалымдардың да дауысы естіледі: олар радиация жайлаған жердің бүгінгі күйін зерттеп, табиғаттың әлі жазылмаған жарасын баяндап өтеді. Олардың ғылыми сөзі фильмнің көркем баяндауымен тоғысып, өмір мен өлімнің, адам мен табиғаттың арасындағы нәзік шекараны айқындай түседі. Мұнда өткеннің үнін жаңғыртып, үнсіз айыптау арқылы көрерменді Семей полигоны қасіретімен қайтадан беттестіріп, полигон залалы мен зардабын еске түсіреді. Қысқартып айтқанда бұл тек фильм емес, халқымыздың жаралы жадын тірілген жан азасы.

Сырт көзге фильм әлемі бейбіт, үнсіз көрінгенімен, оның астарында тірі қалуға, әділет табуға тырысқан адамдардың жан арпалысы, ұмыт болмауға деген ішкі күресі жатыр. Жанана Құрмашева өз туындысы арқылы өткеннің үнін қайта жаңғыртып, ұмыт қалған дауыстарға жаңа өмір сыйлайды. Көрерменді тарихпен бетпе-бет қалдырып, ұмытылған қасіреттің әлі де қан жылап тұрғанын еске салады. Мұнда уақыт өзара қабаттасып, архив пен бүгінгі күн арасындағы өткел көрініске айналады.



Режиссер бұл картинасы арқылы көрерменге тек деректі шындықты емес, рухани ізденісті ұсынады. (Файша Аманжол).

Көрсетілімнен соң фильм режиссері Жанана Құрмашева, ядролық сынақтардың салдары мен ядролық Әділет мәселелерімен айналысатын Steppe Organization фонды (STOP) Жастар ұйымының өкілдері, Семей қаласындағы «ДОМ»

қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Майра Әбеннова және бірнеше көрермен фильмнен алған әсерлерімен бөлісіп, пікір-ұсыныстарын ортаға салды.

#### Назым ЧАЖАЙБАЕВА,

Қонаев қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары.

#### Меншік иесі: «Қапшағай тынысы» ЖШС

Директор: Дәулет ЖОЛДАС

Бас редактор: Назерке ИНАҚЫНОВА

Бас маман: Аян ҚОНАРОВ, +7 707 612 68 90

Заңгер: Адайбек БЕЙІМБЕТОВ

Редакция мекенжайы:

Қонаев қ., 3-шағын аудан, 34 үй, 040800.

Электронды поштамыз: nurliolke@mail.ru

#### Көлемі 2 баспатабақ.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2023 жыл 3 ақпанда қайта тіркеліп, №КЗ87VPY00064035 куәлігі берілген.

- Газет қазақ, орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.
- Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Кейбір мәтінге қатысы жоқ суреттерге жауап берілмейді.
- Газет редакциясы авторлармен хат алыспайды. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды. «Нұрлы өлке» газетінде жарық көрген мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

#### Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шықты.

Алматы обл., Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С.Сейфуллин к-сі 2 «В», Тел. 8 701 712 01 73.

Таралымы – 5135 дана.